

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998 жылғы 7 қаңтардағы N 4-Ө бұйрығымен бекітілген "Жинақтаушы зейнетақы қорының филиалдары мен өкілдіктерін ашуды және жабуды келісу тәртібі туралы ережеге" өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті 2000 жылғы 27 маусымдағы N 70-Ө бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 11 тамызда тіркелді Тіркеу N 1218. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 21 тамыздағы N 242 (V043132) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, жинақтаушы зейнетақы қорларының филиалдары мен өкілдіктерін ашу және жабу мәселелерін құқықтық реттеуді жетілдіру мақсатында, бұйырамын:

I. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998 жылғы 7 қаңтардағы N 4-Ө бұйрығымен бекітілген "Жинақтаушы зейнетақы қорларының филиалдары мен өкілдіктерін ашуды және жабуды келісу тәртібі туралы ережеге" мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Нормативтік құқықтық актінің атауы мынадай редакцияда жазылсын: "Жинақтаушы зейнетақы қорларының филиалдары мен өкілдіктерін ашуды және жабуды келісу тәртібі туралы нұсқаулық".

2. 7-тармақтың г) және д) тармақшалары алынып тасталсын.

3. 8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "8. 7-тармақтың б тармақшасында аталған құжаттарды егер оларды Қор лицензия алған кезде тапсырған болса, тапсырмауға да болады (мәліметтер Қордың бизнес-жоспарына е н г і з і л д і) .

Филиалдың басшы қызметкерлері оны ашуға Комитеттің рұқсатын алғаннан кейін 2-айлық мерзімде алатын лауазымына сәйкестігі жөнінде Комитетте біліктілік емтиханын тапсыруы тиіс.

Біліктілік емтиханын тапсырғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде Қор Комитетке филиалдың басшысына берілген, оның құзіреті көрсетілген, екі

данадан тұратын сенімхатты, оның біреуі Қорға қайтарылады, ұсынуға міндетті".

4. 10-тармақтың б) тармақшасы "немесе Қордың өзіне" деген сөздермен толықтырылсын.

5. 11-тармақ "10 жұмыс күні ішінде" деген сөздермен толықтырылсын.

6. 16-тармақтың в) және г) тармақшалары алынып тасталсын.

7. 16-тармақ мынадай мазмұндағы азат жолдармен толықтырылсын:
"Өкілдіктің басшы қызметкерлері өкілдікті ашуға Комитеттің рұқсатын алғаннан кейін 2-айлық мерзімде алатын лауазымына сәйкестігі жөнінде Комитетте біліктілік емтиханын тапсыруы тиіс.

Біліктілік емтиханын тапсырғаннан кейін 3 жұмыс күні ішінде Қор Комитетке өкілдіктің басшысына берілген, оның құзіреті көрсетілген, екі данадан тұратын сенімхатты, оның біреуі Қорға қайтарылады, ұсынуға міндетті".

8. 19-тармақтағы "Агенттік филиалды (өкілдікті) ашуға рұқсат берумен бір мезгілде филиалдың (өкілдіктің) басшысына берілген сенімхаттың екі данасын қайтарып береді, оған Агенттік белгі соғады" деген сөйлем алынып тасталсын.

9. 20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын: "20. Белгіленген үлгідегі филиалдың (өкілдіктің) есептік тіркеу куәлігінің нотариалды куәландырылған көшірмесі және статистикалық картаның көшірмесі тіркеуден өткеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде Комитетке тапсырылуы тиіс".

10. Мынадай мазмұндағы 23-ші тармақпен толықтырылсын:

"23. Филиалды жабу туралы белгіленген тәртіппен шешім қабылдағаннан кейін Қор есептік тіркеу (қайта тіркеу) куәлігінің күшін жою жөнінде және филиалдың (өкілдіктің) қызметінің тоқтағаны туралы мәліметтер тізіміне енгізу шараларын қабылдауға міндетті. 10 жұмыс күні ішінде Қор Комитетке аумақтық әділет басқармасының тиісті шешімі туралы бұйрығының нотариалды куәландырылған көшірмесін тапсыруға міндетті."

Бүкіл мәтін бойынша "Ұлттық зейнетақы агенттігі", "Агенттік", "Агенттікпен", "Агенттіктері" деген сөздер "Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитет", "Комитет", "Комитетпен", "Комитеттері" деген тиісті сөздермен ауыстырылсын.

II. Заң бөлімі (Ә.Ш. Тлеуішев) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998 жылғы 7 қаңтардағы N 4-Ө бұйрығымен бекітілген "Жинақтаушы зейнетақы қорларының филиалдары мен өкілдіктерін ашуды және жабуды келісу тәртібі туралы ережеге "өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2000 жылғы 27 маусымындағы N

70-Ө бұйрығын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуден өткізуге жіберсін.

Төрағаның міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК